

Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толу мерейтойын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 603 Қаулысы

Райымбек батырдың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толу мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толу мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. "2005-2006 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 18 сәуірдегі N 94-ө өкіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген 2005-2006 жылдары кезеңінде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

"4-1 Райымбек Үкімет ҚР МАСМ, Алматы 2005 жыл
батырдың қаулысы облысының, Алматы
300 жылдығы және Астана
қалаларының әкімдері".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 21 маусымдағы

N 603 қаулысына

қосымша

**Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толу мерейтойын
дайындау және өткізу жөніндегі республикалық
комиссияның құрамы**

Есімов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Ахметжан Смағұлұлы орынбасары, төраға

Қосыбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Есетжан Мұратұлы ақпарат және спорт министрі, төрағаның
орынбасары

Аманшаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Ермек Әмірханұлы ақпарат және спорт вице-министрі, хатшы

Алтынбаев - Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Мұхтар Қапашұлы министрі

Әйтимова - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
Бірғаным Сарықызы министрі

Қапақов - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Нұрлан Төлегенұлы Кеңсесінің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі
мәдениет секторының меңгерушісі

Құлмаханов - Алматы облысының әкімі

Шалбай

Тасмағамбетов - Алматы қаласының әкімі

Иманғали Нұрғалиұлы

Шөкеев - Астана қаласының әкімі

Өмірзақ Естайұлы

Қойгелдиев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Мәмбет Құлжабайұлы министрлігі "Ш.Уәлиханов атындағы Тарих
және этнология институты" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
директоры

Оразалин - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының
Нұрлан Мырқасымұлы төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 маусымдағы
N 603 қаулысымен

бекітілген

**Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толу мерейтойын
дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар
жоспары**

Р / с N	Іс-шара атауы	Орында- л у мерзімі	Орында- луына жауаптылар	Қаржы- ландыру көзі	Болжалды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6

1.	Алматы облысында Райымбек батырдың туғанына 300 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу	2005 жылғы тамыз	Алматы облысының әкімі, МАСМ	Жергі-лікті бюджет	500,0
2.	Заңнамада белгіленген тәртіппен Астана қаласындағы көшелердің және мектептердің біріне Райымбек батырдың есімін беру	2005 жылғы III тоқсан	Астана қаласының әкімі	Жергі-лікті бюджет	2485,0
3.	Алматы қаласындағы Райымбек батырдың кесенесін күрделі жөндеуден өткізу, аумағын абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу	2005 жылғы III тоқсан	Алматы қаласының әкімі	Жергі-лікті бюджет	15800,0
4.	Заңнамада белгіленген тәртіппен әскери оқу орындардың, әскери бөлімдердің біріне Райымбек батырдың есімін беру туралы ұсыныс енгізу	2005 жылғы III тоқсан	Қорғаныс-мині	Шығыс-тарды қажет етпейді	
5.	Республика мектепте-рінде өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, олардың ұлттық рухын көтеру мақсатында " Біздің батыр бабаларымыз" атты ашық сабақтар өткізу	2005 жылғы қыркүй-ек	БҒМ	Шығыс-тарды қажет етпейді	
6.	Райымбек батырға арналған республика-лық ақындар айтысын ұйымдастыру	2005 жылғы тамыз	Алматы облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар Одағы (келісім бойынша)	Демеу-шілік қаражат	1500,0
7.	Бұқаралық ақпарат құралдарында Райымбек батыр туралы материалдарды жария ету	2005 жылдың ішінде	МАСМ	Респу-бликалық бюджет - 019 "Мемле-кеттік ақпа-раттық саясат-ты жүр-гізу" бағдар-ламасы	167,5
8.	Алматы облысы Райымбек ауданындағы батырдың ескерткіштері орнатылған жерлерде абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу	2005 жылғы III тоқсан	Алматы облысының әкімі	Демеу-шілік қаражат	500,0

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:
МАСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;
БҒМ - Білім және ғылым министрлігі;
Қорғанысмині - Қорғаныс министрлігі

